

Білім беруді және денсаулық сақтауды
сапамен қамсыздандыру және
аккредиттеудің Еуразиялық орталығының
Аккредиттеу кеңесіне
30.04.2021 ж.

**СЫРТҚЫ САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ
«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» ЖШС
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІНЕ,
МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН
АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІНЕ
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША
ЕСЕБІ**

Сыртқы сараптамалық бағалау кезеңі: 21.04.2021-23.04.2021 ж.

Алматы қ., 2021 ж.

МАЗМҰНЫ

	Белгілеулер мен қысқартулар тізімі	3
1.	ССК құрамы	4
2.	ССК қорытынды есебінің жалпы бөлімі	7
2.1	«ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» ЖШС таныстыру	7
2.2	Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер	7
2.3	«ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» ЖШС институционалдық өзін-өзі бағалау есебін талдау	7
2.4	«ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» ЖШС жалпы бағалау	8
3.	Сыртқы сараптамалық бағалау кезеңдерінің сипаттамасы және қорытынды	9
4.	Қорытынды бойынша «ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» ЖШС аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау және әрбір стандарт бойынша мықты тұстарына шолу	15
5.	«ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» ЖШС институционалдық жетілдіру бойынша ұсыныстар	22
6.	ЕАО аккредиттеу кеңесіне ұсыныс	22
7.	1-қосымша. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» ЖШС ЕАО аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сыртқы бағалау критерийлері және сапасының институционалдық бейіні	24
8.	2-қосымша. ССК мүшелері мамандандырылған аккредиттеу жүргізу шеңберінде зерттеген құжаттардың тізімі	25

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ:



ӘД	Әкімшілік департаменті
ЖОО	Жоғары оқу орны
МАК	Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
ММББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖООКБД	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті
СДжСМЖД	Стратегиялық даму және сапа менеджменті жүйесі департаменті
ӘжҚД	Экономика және қаржы департаменті
ЕАО	Білім беру мен денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыз ету және аккредиттеудің Еуропалық орталығы
«ҚДСЖМ» ҚМУ	«ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет
КТ	Кешенді тестілеу
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
КЕ	Кешенді емтихан
ҚР ҚДСЖМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Министрлігі
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
ЖЖОКБҰ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру
ҚДС	Қоғамдық денсаулық сақтау
МДРжҚ	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау
МҚ	Міндетті құрамдауыш
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ҚР	Қазақстан Республикасы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ТОЖ	Үлгілік оқу жоспары
ҒК	Ғылыми Кеңес
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба
СВL	Challenge Based Learning
GPA	Grade Point Average (Grade Point Everage)
MBA	Master of Business Administration
PhD	Philosophy Doctor
TBL	Team Based Learning
PBL	Problem Based Learning

1. Сыртқы сараптама комиссиясының құрамы

АЕО 15.03.2021 жылғы №9 бұйрығы бойынша 21-23.04.2021 ж. аралығындағы кезеңде «ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы бағалауды жүргізу бойынша сыртқы сараптама комиссиясы құрылды

	<p>Сыртқы сараптама комиссиясының төрағасы МОРЕНКО МАРИНА АЛЕКСЕЕВНА медицина ғылымдарының докторы, «Астана Медицина Университеті» АҚ Аллергология, иммунология, гематология және эндокринология курстары бар балалар аурулары кафедрасының меңгерушісі</p>
	<p>Шетелдік сарапшы РАХИМОВ БАХОДИР БАХТИЁР ЎҒЛИ, медицина ғылымдарының докторы, санитарлық дәрігер, гигиенист және эпидемиолог, Ташкент медицина академиясының Қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің ассистенті, Корё университетінің зерттеушісі</p>
	<p>Ұлттық академиялық сарапшы ЕРМУХАНОВА ЛЮДМИЛА СЕРГЕЕВНА, медицина ғылымдарының кандидаты, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КЕАҚ Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасының басшысы, Батыс өңірінің МӘМС оқыту бойынша жаттықтырушысы.</p>

	<p>Ұлттық академиялық сарапшы ЖАНҚАЛОВА ЗУЛЬФИЯ МЕЙРХАНОВНА медицина ғылымдарының докторы, «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ №1 ЖДТ кафедрасының профессоры</p>
	<p>Ұлттық академиялық сарапшы ЖАНТУРИЕВ БОЛАТ МЕИРБЕКОВИЧ медицина ғылымдарының кандидаты, ДВА, ҚР ҚДСЖМ Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптау ұлттық орталығының Алматы қаласы аумақтық филиалының зертханалары бар сынақ орталығының биологиялық сынақтар зертханасының меңгерушісі</p>
	<p>Ұлттық академиялық сарапшы ОРАҚБАЙ ЛЯЗАТ ЖАДІГЕРҚЫЗЫ, медицина ғылымдарының докторы, доцент, гигиена және эпидемиология курсы бар қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының меңгерушісі, «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МEBBM резидентура бөлімінің бастығы</p>
	<p>Ұлттық академиялық сарапшы ПАК ЛАУРА АЛЕКСЕЕВНА, PhD, «Семей медицина университеті» KEAҚ жоғары білім департаментінің директоры, «Онкология»мамандығы бойынша ЖБТ комитетінің төрағасы</p>

	<p>Сарапшы - Жұмыс берушілер өкілі ШАМСУТДИНОВА АЛЬФИЯ ГУМАРОВНА, PhD, «Хелмир» ауруханасы (Helmir) директордың стратегиялық даму және білім жөніндегі орынбасары «Биоэтика және медициналық құқық қауымдастығы» ҚБ Президенті, дүниежүзілік медициналық құқық қауымдастығының, Еуропалық Педиатрия және жасөспірімдер гинекологиясы қауымдастығының мүшесі</p>
	<p>Сарапшы- Магистранттар өкілі ДЖАИМБЕТОВА АСЕЛЬ ПЕРНИБАЕВНА, жоғары санатты дәрігер, «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» мамандығы бойынша 2 курс магистранты, Еуропалық отбасын жоспарлау және контрацепция қауымдастығының мүшесі</p>
	<p>АЕО атынан бақылаушы УМАРОВА МАКПАЛ АЛЬДИБЕКОВНА, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы «Білім беру мен денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыз ету және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» ҒМ</p>

ССК жұмысы ССК туралы ережеге (ЕО бас директорының 2017 жылғы «13» ақпандағы № 4 бұйрығы) сәйкес жүргізілді.

ССК есебінде ЕО медициналық білім беру ұйымдарының «ҚДСЖМ» Қазақстан медициналық университеті ЖШС (бұдан әрі - «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС) институционалдық бағасы, университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы білім беру қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі ССК ұсыныстары қамтылған.

2. ССК қорытынды есебінің жалпы бөлімі

2.1. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» ЖШС таныстыру

«ҚДСЖМ» Қазақстандық медициналық университет» ЖШС бұдан әрі - «ҚДСЖМ» ҚМУ) 1997 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.07.1997 ж. № 1142 қаулысының шешімімен қазақстандық Қоғамдық денсаулық сақтау мектебі базасында құрылған және

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді және қосымша кәсіптік білім беруді жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы дербес университет болып табылады.

«ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС ТМД елдерінің аумағындағы алғашқы білім беру ұйымы және Орталық Азия өңіріндегі қоғамдық денсаулық сақтау бойынша мамандар даярлау мен қайта даярлау, қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері бойынша денсаулық сақтау органдары және ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру, денсаулық сақтау саласындағы саясат пен басқару мақсатында құрылған жалғыз ұйым болып табылады.

Қазіргі таңда «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС-де кадрлар даярлау 2021-2022 оқу жылынан бастап ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратура және докторантурада 13 білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі және жоспарлануда (бұдан әрі кестені қараңыз). «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС білім беру қызметін жүзеге асыру барысында біліктілікті арттыру және қайта даярлау бағдарламалары бойынша практикалық денсаулық сақтау, фармацевтика мамандары мен ғылыми кадрларды даярлайды.

ҚМЖМ ҚМУ білім беру бағдарламаларының тізімі

№	Мамандықтың атауы
1	«Қоғамдық денсаулық сақтау» ғб магистратурасы
2	«Қоғамдық денсаулық сақтау» кәс. магистратурасы
3	«Медицина» ғб магистратурасы
4	«Медицина» кәс. магистратурасы
5	«Қоғамдық денсаулық сақтау» докторантурасы
6	«ЕМВА» магистратурасы
7	«АТ менеджменті және денсаулық сақтау» кәс. магистратурасы
8	«Гигиена» кәс. магистратурасы
9	МПД ғб магистратурасы
10	«Эпидемиология» кәс. магистратурасы
11	«Денсаулық сақтаудағы менеджмент» кәс. магистратурасы
12	«Денсаулық сақтаудағы менеджмент» кәс. магистратурасы
13	«Медицина» ғб докторантурасы

«ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС Қазақстан Республикасының өңірлерінде өз қызметінің шеңберін кеңейтіп: Нұр-Сұлтан және Ақтау қалаларында ұйымдастырылған филиалдары жұмыс жасайды, бұл «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС көрсететін қызметтердің өңірлік қолжетімділігін арттыруға септігін тигізеді.

2020 жылы «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС сапа менеджменті жүйесі сертификатталды (сертификаттау бойынша халықаралық орган - TQCSI компаниясы, Қазақстан). Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын қаржы-экономикалық көрсеткіштер бойынша саралау нәтижесінде «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС «Ұлттық бизнес рейтингінің жыл көшбасшысы – 2017 ж.» атағымен марапатталды. 2019 жылы «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС ғылыми және инновациялық қызметтің көрсеткіштері және республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығы өткізген соңғы үш жылдағы рейтингтік көрсеткіштердің динамикасын бағалау бойынша клиникалық емес бейіндегі медицина ғылымы ұйымдарының рейтингінде 3- орынды иеленді.

2.2 Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер

«ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС осыған дейін институционалдық аккредиттеуден өтіп, Тәуелсіз қазақстандық білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктің институционалдық аккредиттеу туралы 2016 жылғы 27 маусымдағы куәлігі берілген.

2.3 Өзін-өзі бағалау бойынша есебін талдау.

«ҚДСЖМ» ҚМУ институционалдық өзін-өзі бағалау бойынша есебі сәйкес стандарттар бойынша қосымшаларымен қоса алғанда, 180 бетте жазылған. Институционалдық өзін-өзі бағалау бойынша есепке ішкі комиссияның әрбір мүшесінің жауапкершілігі көрсетіліп, «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС институционалдық аккредиттеуге дайындық бойынша жұмыс тобы мүшелерінің тізімі; институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалауды жүргізуге жауапты тұлға туралы мәліметтер қосымша ұсынылған. Ксепте мазмұндалған ақпарат пен деректердің дұрыстығын растайтын PhD ректоры Ауезова Ардак Муханбетжановнаның қолтаңбасы қойылған қосымша хат есеппен бірге ұсынылады.

Есепте білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалауын жүргізуге жауапты ҚазҰМУ өкілі Білім және ғылыми қызмет жөніндегі проректор м. ғ. к. Кауышева Алмагуль Амангельдиновна туралы мәліметтер бар.

«ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС- институционалдық өзін-өзі бағалауы 2020 жылғы 13 қарашадағы № 143-н «Институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуді дайындау жөніндегі комиссия құру туралы» бұйрық негізінде жүзеге асырылған.

Есеп институционалдық өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы нұсқаулыққа сәйкес әзірленген және АЕО институционалдық аккредиттеу стандарттарына толықтай сәйкес келеді. Өзін-өзі бағалау жөніндегі ішкі комиссия мүшелерінің ішкі комиссияның әрбір мүшесінің жауапкершілігі көрсетілген тізімі берілген.

Өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті дайындау бойынша жұмыс тобы келесі жұмыстарды атқарған: институционалдық қызметтің негізгі бағыттары және қосымша білім беру бағдарламаларын (магистратура және докторантура, оның ішінде жаңадан әзірленген және лицензияланған магистратураның білім беру бағдарламалары - «ЕМВА», «АТ менеджменті және денсаулық сақтау» бейіндік бағыты, «Гигиена» бейіндік бағыты, «Медициналық-профилактикалық іс» ғылыми-педагогикалық бағыты, «Эпидемиология» бейіндік бағыты, «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» бейіндік бағыты, «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» ғылыми-педагогикалық бағыты және «Медицина» докторантурасының бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағыт) іске асыру жөніндегі міндеттерге талдау жасалған.

Сонымен қатар, жұмыс тобы институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес қажетті мәліметтерді жинады; әдістемелік және оқу материалдарына мұқият талдау жасады, олардың мазмұны есепте көрсетілген. Өзін-өзі бағалау есебінің мазмұны АЕО институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес құрастырылған және 9 стандарттың әрқайсысы бойынша жақсарту бағыттарының мықты тұстарының сипаттамасы қамтылған.

Деректер базасы, қосымшалар толық көлемде, ретімен берілген және есептің мәтінінде оларға сілтемелер жасалған. Есеп сауатты тілде жазылған, әр стандарт бойынша тұжырымдар анық және түсінікті, кестелер талапқа сәйкес безендірілген, мәтінде қажетті сілтемелер бар.

2.4 «ҚДСЖМ» Қазақстан медициналық университеті» ЖШС институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін жалпы бағалау

Сарапшылар өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті талдау негізінде институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің мазмұны «ҚДСЖМ» ҚМУ институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес әзірленгенін анықтады.

Есеп сауатты тілде жазылған, әр стандарт бойынша тұжырымдар анық және түсінікті, мәтінде кестелерге сілтемелер бар және олар нөмірленген. Нормативтік-құқықтық актілерге, типтік қағидаларға, ережелерге және әдістемелік құжаттарға (қолжетімділік шектелмеген) сілтемелер бар.

«ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС кадрларды даярлау «Қоғамдық денсаулық сақтау», «денсаулық сақтаудағы Менеджмент», «Медицина», «Медициналық-профилактикалық іс», «денсаулық сақтаудағы ақпараттық технологиялар менеджменті», «Эпидемиология», «Гигиена», а мамандықтары бойынша ғылыми - педагогикалық және бейіндік магистратуралардың білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі сондай-ақ «Қоғамдық денсаулық сақтау» және «Медицина» мамандықтары бойынша докторантуралар.

Өзін-өзі бағалау және сипаттау АЕО аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылды және өзін-өзі бағалау нұсқаулықтарында тұжырымдалған сұрақтарға жауаптар алынды. «ҚДСЖМ» ҚМУ барлық стандарттарында институционалдық аккредиттеу стандарттарының талаптарын сақтауды растайтын нақты тәжірибе, дәлелді деректер, қосымша білім беру, халықаралық тағылымдамалар, біліктілікті арттыру мен қайта даярлауды әдістемелік сүйемелдеу бағдарламаларын іске асыру мысалдары келтірілген. «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС қызметінің сипаттамасы тыңдаушылар, оқытушылар саны, қабылдау туралы мәліметтер, аттестаттау қорытындылары, қаржылық Ақпарат және т. б. бойынша толық және өзекті болып табылады.

Институционалдық аккредиттеудің 9 стандартының әрқайсысы бойынша қорытынды аккредиттелетін ұйымның өзі анықтаған мықты тұстары мен жақсартуы тиісті салаларының сипаттамасын қамтиды. АЕО өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық талабына сәйкес есепке аккредиттеу стандарттарының сипаттамасын толықтыратын құжаттардың негізгі көшірмелері (ұйымдастырушылық құрылымы, тіркеу куәлігі) қосымша ұсынылады.

Осылайша, «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС өзін-өзі бағалау есебі ЕО институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес қызметтің барлық түрлері бойынша объективті, жан-жақты, құрылымдалған ақпаратты қамтиды.

3. Сыртқы сараптамалық бағалаудың сипаттамасы және қорытындысы

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптамалық жұмыс «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС білім беру ұйымдары мен АЕО білім беру бағдарламаларына сыртқы бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулығына сәйкес («Еуразиялық білім беру және денсаулық сақтау сапасын қамсыздандыру және аккредиттеу орталығы» ҒМ бас директорының 17.02.2017 ж. №5 бұйрығымен бекітілген) ұйымдастырылды және 15.03.2021 ж. АЕО Бас директоры С.С. Сәрсенбаева бекіткен және ректор А.М. Ауезовамен келісілген график және бағдарламаға сәйкес жүргізілді.

Аккредиттелетін білім беру бағдарламасын сараптамалық бағалау бойынша объективті ақпарат алу үшін ССК мүшелері келесі әдістерді қолданды: басшылықпен және әкімшілік қызметкерлермен пікірлесу, магистранттармен сұхбат, бақылау, веб-сайтты зерттеу, әр алуан құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен, оқытушылармен сұхбаттасу, оқытушылар және магистранттармен сауалнама жүргізу, ресурстарға аккредиттеу стандарттарын орындау тұрғысынан шолу, университетке барғанға дейін де, барған уақытта да 77 оқу-әдістемелік құжаттарды қарастыру.

«ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС ұжымы тарапынан қатысу бағдарламасында және сұхбат учаскелерінің тізімдері бойынша көрсетілген барлық тұлғалардың қатысуы қамтамасыз етілді (1-кесте).

1-кесте - ССК мүшелерімен кездесулерге, сұхбаттарға, әңгімелесулерге қатысушылардың саны және санаты туралы мәліметтер

№	Т. А. Ә.	Лауазымы
1.	Ауезова А.М	Ректор
2.	Степкина Е.Л.	Даму жөніндегі проректор
3.	Кауышева А.А.	Білім және ғылыми қызмет жөніндегі проректор
4.	90 астам магистрант	Білім алушылар
5.	45 жуық докторант	Білім алушылар
6.	Карибаева И.К	Ғылым және консалтинг департаментінің директоры
7.	Касымбекова А.Н.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті директорының м.а.
8.	Минжасарова К.А.	Халықаралық қызмет департаментінің директоры

9.	Жолдасбекова А.С.	Стратегиялық даму және СМЖ департаментінің директоры
10.	Бримжанова М.Д	Қосымша және кәсіптік білім департаменті
11.	Кадирбекова Ф.А.	Қаржы директоры
12.	Наурузов Р.	Техникалық басшы
13.	40 астам ПОҚ	Профессорлар, доценттер, кафедралардың ассистенттері
14.	20 астам жұмыс беруші	Бас дәрігерлер, медициналық ұйымдардың директорлары, бөлімше меңгерушілері
15.	30 жуық түлек	Түрлі медициналық ұйымдардың қызметкерлері

3 күндегі сапар барысындағы қызметтердің реттілігі аккредиттеу орталығының құжаттамасында және аталған есептің қосымшасында Қатысу бағдарламасында толық түрде ұсынылған.

Сапардың бірінші күні 21.04.2021. «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС басшылығымен және негізгі қызметкерлерімен пікірлесу аккредиттеу стандарттарының 1,2,5,7,8,9 критерийлерінің орындалуын, оның ішінде, білім беру бағдарламасының миссиясын әзірлеу тәсілдерін және оның университеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін, университет стратегиясындағы (жоспардағы) ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің рөлі мен орнын, білім беру бағдарламаларын мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және мемлекеттік және халықаралық әріптестермен келісімдер (28 шарт) жасасу арқылы білім беру ресурстарының жеткіліктілігіне кепілдікті анықтауға мүмкіндік берді. Білім алушыларды алғашқы қабылдау 2019-2020 оқу жылында жүргізілгендіктен, аккредиттелетін магистратура бағдарламалары салыстырмалы түрде жаңа екенін ескеріп, Платонустағы сарапшылар үлгерім мен сабаққа қатысуды есепке алу журналдарын (қағаз және электрондық), жұмыс оқу бағдарламаларын, силлабустарды, бақылау-өлшеу құралдарын, емтихан тізімдемелерін қоса алғанда, құжаттаманы жан-жақты толық зерттеді.

Сарапшылар университетте білім беру бағдарламаларын орындау барысында нормативтік-құқықтық актілер мен МЖМБС талаптары қатаң сақталатынын және басшылық ішкі аудиттерді (СМЖ, өзара бақылау, білім беру және ғылыми қызмет жөніндегі проректордың бақылауы, есептілік және т.б.) жүргізу кезінде аталған процеске жүйелі түрде мониторинг жүргізетінін анықтады.

Тиімді басқарудың негізі «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС сапасын қамтамасыз ету саясаты және магистратура кафедраларында әзірленген «Кафедралар саясаты», сондай-ақ білім беру процесін құжаттауды жүзеге асыру барысында сапа бойынша нұсқаулықты сақтау болып табылады.

Білім беру және ғылыми қызмет, сонымен қатар, стратегиялық даму жөніндегі проректорлармен пікірлесу барысында сарапшылардың магистранттарды оқыту үшін қызметкерлерді тарту тәсілдері туралы, магистранттарды іріктеу стратегиясы мен тактикасы, магистранттарды ақпараттық қамтамасыз ету туралы біліп, сондай-ақ, жұмыс жасап жүрген дәрігерлердің көпшілігі оқыту әдістемесін білмейтін болғандықтан, адам ресурстарын басқару және дамыту бойынша түйткілді мәселелерді анықтауға мүмкіндіктері болды.

Бұл күнді магистранттар және докторанттармен сұхбат қорытындылады. Сұхбатқа 90 астам магистранттар және 40 астам докторанттар, яғни барлық білім алушылардың жартысынан астамы қатысқанын атап өткен жөн, бұл білім алушылардың зор мүдделілігі мен патриотизмін, өз ЖОО ниеттестігін растайды. Сұхбаттасушылар сарапшыларға магистратураға түскеннен кейін білім алушылардың басым көпшілігінде докторантурада немесе қайта даярлау мен біліктілігін арттыру кезінде оқуды жалғастыруға ниет пайда болатыны туралы ақпарат берді.

Сапардың екінші күні 22.04.2021.

Бұл күн жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне баруға арналды, мұнда қызметкерлер барлық сұрақтарға жауап беріп және департаменттің барлық жұмысы туралы 100% білетіндерін көрсетіп, растайтын материал ұсынды.

Бұдан әрі ССК мүшелері коворкингке, жатақханаға және медициналық кабинетке барды. Коворкинг орталығы жақсы жабдықталған және сабақтан тыс бос уақытты тиімді өткізуге мүмкіндік жасалған. Сарапшылар тобы сондай-ақ, 8 орындық жатақханаға барды, мұнда бөлмелердің жөнделгені, тұруға жайлылығы, санитарлық жағдайларының жақсылығы, интернетті, кір жуғыш машиналарды, электр плиталарын пайдалану мүмкіндігі бар екені атап өтілді. Бөлмелерде бір максималды 2 екі білім алушы тұрады. Жатақханада өз біліктілігін арттыратын дәрігерлерге арналған бөлмелер (7 орын) қарастырылған. Сарапшылар дене шынықтыру залына, медициналық кабинетке барды, мұнда АҚ, ТАҚЖ, сатурацияны бір уақытта өлшеуге мүмкіндік беретін заманауи аппараттың бар екенін атап, бұл білім алушылардың көмегіне жүгінгендердегі тыныс алу жүйесінің жайын диагностикалауда өте маңызды екенін айта кету керек.

«ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС клиникалық базалары (130 шарт) жеткілікті, мұнда білім алушылар өздерінің практикалық жұмыстары мен диссертацияларын дайындау үшін материалдар жинақтайды. Сапар бағдарламасында университет қызметкерлері бейне шолулар дайындаған және магистранттарды онлайн қосылуды ұйымдастырған 5 клиникалық базаға бару қарастырылған. Білім алушы сарапшылармен сұхбаттасу барысында 6 стандартқа сәйкестігі және білім алушылардың ғылыми басшылыққа (2,5 стандарт) және ЖОО тарапынан консультациялық қолдауға қанағаттануы анықталды. Өкінішке орай, карантинге байланысты жоспарланған докторанттар аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының ресурстары бар заманауи құрылғыларымен білім алатын «Персона» клиникалық базасына бару, олардың оқыту курстарына сәйкестігі, оқытушылар мен білім алушылар үшін қолжетімділігін анықтау мүмкін болмады.

Сарапшылар 2 және 6 аккредиттеу стандарттарының орындалуының дәлелдерін, сондай-ақ білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау бойынша есебінің мәліметтеріне валидациялау алды.

Сол күні *6,8 стандарттары* бойынша ББ жүзеге асыруға қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және қызметкерлерімен кездесу, сондай-ақ оқытушылармен, магистранттармен және докторанттармен, жұмыс берушілермен (практикалық денсаулық тәмамдағанын айта кету керек).

Сарапшылар оқытушылардың біліктілігін арттыру бағдарламасы, осы оқытуды қаржыландыру, оқытушыларда оқыту әдістері бойынша сертификаттардың болуы туралы жауаптар алды. Сол күні сарапшылар магистранттар мен докторанттарды қабылдау және оқытушыларды іріктеу, университеттің кадр саясаты бойынша материалдарды зерттеді.

Өзін-өзі бағалау бойынша есептің деректерін орындауды валидациялау және бағдарламалардың сапасы туралы дәлелдер алу мақсатында магистранттармен сұхбат жүргізілді. Оған 90 астам магистранттар мен 40 докторанттар қатысты. Сарапшылар ЖОО оқуға қанағаттану, оқуға, медициналық құжаттамамен жұмыс істеуге уақыттың жеткіліктілігі, сондай-ақ оқыту әдістері мен оқытушылардың біліктілігіне қанағаттану туралы сұрақтар қойды. Жалпы, магистранттар оқуға, бағалау әдістеріне қанағаттанып, осы ЖОО мақсатты түрде оқуға түскен, себебі, олар ҚДСЖМ магистранттарды оқытуға арналған үздік базалар мен тәжірибе бар деген пікірде. Барлық білім алушылар ПОҚ тарапынан диссертациялар, ресімдеу, материал дайындау және т. б. тақырыптарға қатысты кез келген мәселелер бойынша көмек көрсетілетіні туралы бірауыздан баяндады. Білім алушылар жақсы білім аламыз және университетті бітіргеннен кейін өз бетінше жұмыс істей аламыз деп ойлайды.

Докторанттар мен магистранттар білім беру ұйымына өз ниеттестігін көрсетіп, сыртқы сарапшылардың сұрақтарына белсенді жауап берді, оқытуды ұйымдастыру, олардың дағдыларын бағалау, консультациялық қолдау, ҒЗЖ қатысу мүмкіндігі, қаржыландыру және

т.б. бойынша өз пікірлерін айтты. Сарапшылар магистранттардың, докторанттардың құжаттарын (портфолио, бағалау нәтижелері-чек-парақтар, сауалнама нәтижелері) зерттеді.

Сонымен қатар, онлайн форматта түрлі мамандықтар бойынша аккредиттелетін ББ бойынша 20 жұмыс берушімен сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында: университеттің миссиясын білу, стратегиялық жоспарға миссия мен ұсыныстарды әзірлеуге қатысу, ҚДСЖМ кеңесші органдарының жұмысына қатысу, магистранттардың базалық білімі мен дағдыларына қанағаттану, тәлімгерлік арқылы магистранттарды оқытуға қатысу, кафедра мен магистранттарды практикалық оқыту мен ойлауды қалыптастыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, кафедралармен өзара әрекеттестік мәселелері, жалпы ЖОО, магистратура түлектерін жұмысқа орналастыру және т. б. мәселелер қамтылды.

Ресурстарға шолу университетте интерактивті тақталар, проекторлар, тәулік бойғы интернеті бар компьютерлері бар заманауи, жабдықталған дәріс және практикалық аудиториялар бар екенін көрсетті. Оқыту базасы қазіргі заманғы жабдықтар бойынша аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне және оның барлық білім алушыларға қолжетімділігіне сәйкес келеді, ал кафедра қызметкерлері білім беру бағдарламасының түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін басшылықпен алқалы және этикалық қатынастарды қамтамасыз етеді.

Пәнді бастамас бұрын, білім беру бағдарламасының оқу жоспарларына сәйкес магистрантқа силлабус беріледі және ол оқу барысында қандай дағдыларды игеріп, дамыту керектігін біледі.

Магистранттар мен докторанттарды оқытудағы ҚДСЖМ тәжірибесі мен беделі басқа магистратура бағдарламаларының түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары пайызын (100%) және олардың Қазақстанның барлық өңірлеріндегі медициналық ұйымдарға сұранысын көрсетеді.

Сондай-ақ, білім алушылар мен ПОҚ арасында сауалнама жүргізілді, бұл жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы бойынша сарапшылардың білімін толықтыруға мүмкіндік берді. Жұмыс күнінің соңында сарапшылар өзін-өзі есеп беру үшін растайтын құжаттар ретінде қажетті құжаттаманы зерттеді.

Сапардың үшінші күні 23.04.2021 ж.

Сарапшылардың соңғы жұмыс күні білім беру бағдарламалары бойынша құжаттаманы тексеруге арналды. Сарапшылар аккредиттеу стандарттарының сәйкестігін растаған «Денсаулық сақтаудағы менеджмент», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Медицина» ББ іске асыратын кафедралардың құжаттамасы (кафедра істерінің номенклатурасы, 5 жылға арналған жоспар, 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспар және 2020 жылдарға арналған есеп, магистранттар мен докторанттардың үлгерімі журналы, магистранттармен кері байланыс сауалнамасы, докторанттар, оқытушылар, сауалнама нәтижелері бойынша есептер және қабылданған шаралар, этика Кодексі және т.б., бақылау-өлшеу құралдары), оның ішінде ССК мүшелерінің сұранысы бойынша (77 сұраныс) құжаттамалар қарастырылды.

Сарапшылардың жұмысы ССК мүшелерінің сұранысы бойынша білім алушылармен ҚДСЖМ қызметкерлерімен әңгімелесуге бағытталды. Атап айтқанда, бірқатар аккредиттелетін білім беру бағдарламалары бойынша («Денсаулық сақтаудағы менеджмент» магистратурасы, «Медицина» докторантурасы, «Қоғамдық денсаулық сақтау» магистратурасы) денсаулық сақтаудағы менеджмент кафедраларының меңгерушілері мен меңгерушілері шақырылды, этикалық комиссия бойынша материалдар сұралды, кадрлар бөлімінің басшысы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің қызметкерлері шақырылды. Әрі қарай сарапшылар ұсыныстарды әзірлеумен, ҚДСЖМ сыртқы институционалдық және мамандандырылған бағалау қорытындыларын аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін қорытынды талқылаумен, сапа бейіні ССК әрбір мүшесінің жеке-жеке орындауымен және АЕО аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау критерийлерімен айналысты. ҚДСЖМ білім беру процесін жақсарту бойынша ұсыныстарды талқылау. Комиссия жұмысының аяқталуы ҚДСЖМ арналған барлық стандарттардың әрбір

ұсынымы бойынша қорытынды дауыс беру болды.

ССК төрағасы, профессор Моренко М.А. ССК мүшелерінің деректерін жинақтап, сарапшылармен бірлесіп, ЖОО-ны жақсартуға арналған ұсыныстармен ССК қорытынды есебінің жобасын қалыптастырды. Содан кейін білім беру ұйымының басшылығы мен қызметкерлері үшін СЭК төрағасы институционалдық аккредиттеу және магистратура және докторантура мамандықтарының білім беру бағдарламаларын жүргізу шеңберінде сыртқы бағалау қорытындылары бойынша ұсыныстарын жариялады.

Сауалнама нәтижелері.

АЕО бақылаушысы 21-23.04. 2021 ж. ҚДСЖМ ҚМУ магистранттары, докторанттар мен оқытушыларына <https://webanketa.com/> ресурсында онлайн сауалнама жүргізді.

Магистранттар сауалнамасының қорытындысы:

Жауап берген магистранттардың жалпы саны – 90. Жауап бергендердің жалпы санынан бірінші оқу жылының магистранттары -96% басым болды, 2 оқу жылының магистранттары 4% құрады. Аталған ЖОО білім беру ұйымы ретінде ұсынады деген тұжырымға – 94% толық, ішінара - 4,85% келіседі.

Оқыу бөлмелерінің, жоғары оқу орнының аудиторияларының жағдайлары мен жабдықталуына толық (90,3%) және ішінара (3,8%) қанағаттанған. Сауалнамаға қатысқан магистранттардың пікірінше, оқытушылар ғылыми жұмысты дайындауға 89,3% (толық) және 7,8% (ішінара) көмек көрсетеді. Респонденттердің 93,3% магистрлердің диссертацияларын дайындау жүргізілетін ЖОО, клиникалар, зертханалар ресурстарына қол жеткізе алатынын атап көрсетсе, 5,8% бұл көрсеткішке ішінара қанағаттанатынын айтқан.

ҚДСЖМ оқытушылары мен қызметкерлері білім алушыларға құрметпен қарайды деген тұжырыммен сауалнамаға қатысқандардың 98% келіседі. 72,8% ЖОО ғылыми-зерттеу практикасын ұйымдастыруды «өте жақсы» деп бағаласа, 23,3% бұл жұмысқа «жақсы» деген баға берген.

Білім мен дағдыларды бағалау әдістері әділ деген пікірді 93,2% (толық), ал 5,8% (ішінара) білдірген. Білім беру бағдарламасы өз үмітіне сәйкес екенін сауалнамаға қатысқандардың 97% толық деп бағаласа, 2,9% -ішінара деген баға берген.

Сауалнамаға қатысушылардың 91,3% оқытушылар оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолданады деп есептейді. ЖОО білім беру үдерісін ұйымдастыруына сауалнамаға қатысқандардың 94% толық және 5,8% жартылай қанағаттанатынын айтқан.

Университет басшылары немесе оқытушылары аккредиттеуге дайындық шараларына қатысты ма деген сауалға өзін-өзі бағалау есебін дайындау кезінде 22% «Иә» деп жауап берді. 11,6% аккредиттеуге дайындықтың барлық кезеңдерінде қатысқанын атап көрсетті. 10,6% дәлелді себептермен аккредиттеуге дайындыққа қатысудан бас тартты және 47,64 «теріс» деп жауап қайтарды.

Докторанттардың сауалнамасының қорытындысы:

Докторанттардың сауалнамасының қорытындысы бойынша ЖОО білім беру процесінің ұйымдастырылуына қанағаттану деңгейі 93,75% (толық) және 6,25% (ішінара) құрады. Сауалнамаға қатысқан докторанттар оқытушылар ғылыми жұмысты дайындауға көмек көрсетеді деген тұжырымға 89,58% (толық) және 8,3% (ішінара) нұсқаларын таңдаса, 2,08% (1 респондент) көрсетпейді деген нұсқаны таңдаған. ЖОО ҒЗЖ ұйымын бағалау бойынша респонденттердің 83,33%- «өте жақсы», 10,42% - «жақсы» бағасын берген. Сауалнамаға қатысқан докторанттардың 93,3% - диссертация жазу үшін дайындалатын ЖОО, клиникалар, зертханалар ресурстарына қол жетімділікке толық, 5,8% ішінара қанағаттанған. Деканат қызметкерлері ғылыми жұмыстарға көмек көрсете ме деген сұраққа докторанттар 85,42% (толық), 10,42% (ішінара) жауап нұсқаларын таңдаса, 2,8% (1 респондент) қанағаттанбайтынын айтқан.

Ғылыми жұмыспен айналысуға және диссертация жазуға жеткілікті уақыт бар ма деген сауалға респонденттердің 70,83% - «толық», 29,17% - «ішінара» деп жауап қайтарды. Сауалнама жүргізу кезінде докторанттардың 87,5% оқу бөлмелерінің, ЖОО аудиторияларының жағдайлары мен жабдықталуына толық қанағаттанған, 6,25% ішінара қанағаттанған. Менің диссертациям бойынша сапалы жұмыс істеуге мүмкіндік беретін кітапхана қоры/ресурстар ма деген сауалға докторанттардың 87,5% - толық қанағаттандырады, 10,42% - ішінара жауап нұсқаларын көрсетсе, 6,25% - жауап беруге қиналған.

Сұхбатта докторанттар кеңесші органдардың (әдістемелік кеңес, Ғылыми кеңес, білім беру бағдарламалары комитеттері) мүшелері болып табыла ма деген нақтылаушы сұраққа, 8,33% - «иә», 79,17% - «жоқ» деп жауап қайтарды, 8,33% - ы бұрын магистратурада оқып жүргенде қатысқанын айтса, 4,7% - жауаптарына күмәнданатынын айтқан.

Университет басшылары немесе оқытушылары аккредиттеуге дайындық шараларына қатысты ма деген сұраққа 18,75% өзін-өзі бағалау есебін дайындау кезінде деп жауап берді. 10,42% аккредиттеуге дайындықтың барлық кезеңдерінде қатысқанын айтты. 10,6% дәлелді себептермен аккредиттеуге дайындыққа қатысудан бас тартты және 54,17% қатыспады деп көрсетті.

Магистратура және докторантура бағдарламалары оқытушыларының сауалнамасының қорытындысы:

Тізім бойынша оқытушылардың жалпы саны – 35. Жауап бергендердің жалпы саны – 26, оның ішінде 5 жылға дейін өтілі бар – 23%, 10 жылға дейін өтілі бар – 19%, 10 жылдан артық – 57%. Оның ішінде, мамандық бейіндері бойынша: терапевтік – 11%, педиатриялық – 11%, хирургиялық – 3%, акушерлік және гинекология – 3%, басқалары – 69%.

Білім беру үдерісінің ұйымдастырылуына 88% толық, 11% ішінара қанағаттанған. ЖОО этика және субординация сақталады деген пікірге 92% толық, 7% ішінара келісіледі. Еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастыру респонденттердің 92% көңілінен толық, 7% ішінара шығады. Ұйымда оқытушыларға мансаптық өсу және құзыреттілікті дамыту мүмкіндігі бар деген тұжырымға 92% толық, 3% ішінара келіседі.

Осы білім беру ұйымында оқытушылар ғылыми жұмыстармен айналысуға және ҒЗЖ нәтижелерін жариялауға мүмкіндік алғанына 96% толық келіседі, 3% ішінара келіспейді. Еңбек ақысына 69% қанағаттанады, 7% қанағаттанбайды.

Кадр қызметінің жұмысына сауалнамаға қатысқандардың 88% толық, 7% ішінара қанағаттанады. Оқытушылардың 86% - соңғы 5 жыл ішінде біліктілігін арттырудан өткен. Респонденттердің 76% ұжымдағы микроклимат қанағаттанарлық деп есептейді. 88% кәсіпқойлар ретінде жүзеге асырылуы мүмкін екендігімен толық, ал 3% ішінара келіседі.

Аталған білім беру ұйымының білім алушылары оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейін жоғары білім мен практикалық дағдыларын меңгереді деген пікірмен – 84 толық, ішінара – 6% келіседі. Ұйымда білім беру процесін қамтамасыз ету үшін әдістемелік және дидактикалық материалдарды, кеңсе техникасын, кеңсе тауарларын сатып алуға өтінімдердің орындалуына қатысты – сауалнамаға қатысушылар 92% уақтылы, -7% уақтылы емес деген пікір білдірді. Білім беру ұйымы конференцияларға (халықаралық, республикалық) қатысуды: жол ақысын, іссапар, тіркеу жарнасын төлеу түрінде қолдайды деген пікірді – 53%, білдірсе 3% өзін-өзі қаржыландыруды өздері үшін қолайлы нұсқа деп санайды және 26% басшылыққа жүгінбейді.

Магистранттардың пациенттер мен емхана ресурстарына еркін қол жеткізе алатынына респонденттердің көпшілігі (88%) толық келіседі, ал 3% ішінара келіседі. Практикалық сабақта оқытушылар білім алушыларды бірінші кезекте силлабустармен (100%), бақылау-өлшеу құралдарымен (84%), кейстермен (69%) қамтамасыз етеді. Оқытушылардың 34% клиникалық пән оқытушысы ретінде оқу сабағының теориялық бөлігіне жалпы уақыттың 30% жұмсалатынын атап өтті. Оқытушылардың 15% теориялық оқытуға уақыттың 50% жұмсалатынын атап өтті, 50% -жауап беруден бас тартты.

Оқу бағдарламаларына түсу кезінде магистранттарды алдыңғы даярлау деңгейіне жауап бергендердің 46% – толық, 46% - ішінара қанағаттанады. Сіз білім алушылардың тәлімгері немесе кураторы ретінде жұмыс жасайсыз ба деген сұраққа 42% тәлімгер немесе куратор екенін, 23% тьютор екенін атап өтті. Оқытушылық қызметті стационардағы немесе емханадағы клиникалық жұмыстармен үйлестіру қиын ба деген сұраққа, 65% клиникалық жұмыстармен айналыспайтындықтарын, 26% - еңбектің дұрыс ұйымдастырылғанын атап өтті және 11% - оқытушылық қызмет басым деп жауап берді.

Оқытушыларды қолдаудың әлеуметтік бағдарламаларын іске асыруға қатысты мұндай бағдарламалар бар екенін 53% біледі және 30% білмейді. Сауалнамаға қатысқандардың 84% - ұйым басшылығы білім беру процесі, ҒЗЖ, клиникалық жұмыс мәселелері бойынша оқытушылардың сөзіне құлақ асатынын атап өтті. Сіздің кәсіби деңгейіңізді қалай бағалайсыз деген сұраққа 76% жоғары және 15% орташа деп көрсетті.

Магистранттарды оқыту кезінде оқытудың әртүрлі әдістері қолданылады, дегенмен, басым түрде ситуациялық тапсырмаларды талдау (96%), шағын топтарда жұмыс істеу (80%), тестілерді талдау (80%), ауызша сауалнамалар және тақырыпты талдау (тиісінше 76% және 76%), интерактивті оқыту (73%), дәрістер оқу (69%), аз проблемалық-бағдарланған оқыту (57%) пайдаланылады.

Сауалнама университетті және магистратураның білім беру бағдарламаларын жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін пайдалы болады деген тұжырыммен 84% толық, 11% ішінара келіседі.

Сауалнама нәтижелері қосымшада ұсынылған және жалпы білім беру бағдарламаларын тиімді басқаруды, магистратура бағдарламаларында оқытудың жағымды жақтарын көрсетеді, сонымен бірге жақсарту бағыттарын анықтайды (оқытушыларды әлеуметтік қолдау бағдарламалары, оқытушылар мен магистранттар үшін басшылық пен әкімшіліктің қолжетімділігі, педагогикалық құзыреттіліктер және оқытушылардың біліктілігін арттыру).

Сыртқы бағалау қорытындысы бойынша қорытынды:

ССК мүшелері магистратура мен докторантураның аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының негізгі көрсеткіштерін мұқият зерделеп, бағалады. Сыртқы сарапшылардың өзін-өзі бағалау бойынша есепті зерттеу, жақсарту жөніндегі ұсыныстар мен жазбаша рецензия дайындау, «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС бару бағдарламасының іс-шараларын орындау кезінде алған ақпараты талданған. Алынған барлық ақпарат өзін-өзі бағалау туралы есептің деректерімен салыстырылды, бұл ҚДСЖМ ұсынған ақпараттың және АЕО аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін растайтын құжаттардың дұрыстығына көз жеткізуге мүмкіндік берді.

ҚДСЖМ білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебінде аккредиттеу стандарттарын сақтау бойынша өзінің үздік тәжірибесін сипаттағанына қарамастан, сыртқы сараптамалық бағалау кезінде ССК мүшелері негізгі құжаттарды (миссия, стратегиялық жоспар, силлабустар, бақылау-өлшеу құралдары, чек-парақтар, магистранттар портфолиосы, магистранттар мен докторанттардың 2020-2021 оқу жылына арналған жеке жоспарлары) зерделеді, оқытушылардың жарияланымдары, қабылдау ережелері, кадр саясаты, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің бағдарламасы, білім алушыларға әдебиетпен жұмыс істеу үшін қолжетімді ресурстар (аудиториялар, ұйымдастыру техникасы, оқу және әдістемелік әдебиеттер) білім беру ұйымы қызметінің аккредиттеудің базалық стандарттарына сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді.

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бөлімдері бойынша оқу жүктемесінің көлемі магистранттар мен докторанттардың белгіленген оқу кезеңіне арналған жеке жұмыс жоспарымен айқындалады және магистранттар мен докторанттардың ай сайынғы есептерімен мониторингтеледі. Атқарылған міндеттерді есепке алу силлабустағы ұсыныстарға сәйкес портфолио түрінде жасалды.

2015 жылғы 31 шілдедегі Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен типтік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы №647 бұйрықтың жаңа басылымында (жаңа редакцияда-ҚР ҚДСЖМ -12/2020 ҚР ҚДСЖМ 21.02.2020 № бұйрығы) аккредиттелетін ББ көрсетілген.

